



**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасы Үкіметінің арасындағы  
Ғылыми және технологиялық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 30 қаңтар N 126

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылы 16 мамырда Сеул қаласында қол қойылған Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасы Үкіметінің арасындағы  
Ғылыми және технологиялық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімі туралы белгіленген  
тәртіппен Корея жағын хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН КОРЕЯ  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ  
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ**

**КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының

Үкіметі (бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталады),

олардың ғылыми және технологиялық ынтымақтастыққа жәрдемдесудегі  
өзаралық мүддесін қуаттай отырып,

мұндай ынтымақтастықтың екі ел арасындағы достық қатынастарды  
нығайтуға жәрдемдесетінін назарға ала отырып,

ғылым және технология саласындағы ынтымақтастықтың екі елге  
әкелетін пайдасын жете түсіне отырып,

төмендегілер жөнінде келісті:

## 1-бап

Уағдаласушы Тараптар олардың заңдары мен ережелеріне сәйкес екі ел арасындағы ғылым және технология саласындағы ынтымақтастықты тең құқықтық пен өзара пайда негізінде көтермелейді және жәрдемдеседі, және де өзара келісім бойынша осындай ынтымақтастықтың салалары мен объектілерін анықтайды.

## 2 - б а п

Осы Келісімде айтылып отырған ынтымақтастықтың нысандарына мыналар кіреді:

- а) ғалымдар, зерттеушілер, техникалық персонал және сарапшылармен алмасу;
- б) зерттеулердің нәтижелерімен, жарияланымдармен және ғылыми-технологиялық а қ п а р а т п е н а л м а с у ;
- в) бірлескен семинарларды, симпозиумдарды, басқа кездесулерді және ғылым мен технология саласында оқуларды ұйымдастыру;
- г) өзара мүддені білдіретін тақырыптар бойынша бірлескен зерттеу жобаларын о р ы н д а у ;
- д) ғылыми және технологиялық ынтымақтастықтың өзара келісілуі мүмкін кез келген б а с қ а д а н ы с а н д а р ы .

## 3-бап

Ғылыми және технологиялық ынтымақтастықты дамыту мақсатымен Уағдаласушы Тараптар, мүмкін болған жерде, екі ел үкіметтік мекемелері, зерттеу институттары, университеттері және кәсіпорындары арасында ынтымақтастық жөніндегі бірлескен жобалар мен бағдарламалардың шарттары, атқарылуға тиіс процедуралар, қаржылық жағдайлары және басқа мәселелер көрсетілген жеке келісімдердің жасалуын көтермелейтін болады. Мұндай жеке келісімдер екі елдің заңдары мен ережелеріне с ә й к е с ж а с а л а т ы н б о л а д ы .

## 4-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісім бойынша бірлескен қызметті үйлестіру мен дамыту үшін екі Үкімет тағайындаған өкілдерден тұратын Бірлескен Комитет құрады.

Комитет өзара келісім арқылы осы Келісім бойынша бірлескен қызметтің дамуына шолу жасау және ынтымақтастықтың жаңа салалары мен бағдарламаларын анықтау, сондай-ақ осы Келісімге қатысы бар басқа мәселелерді талқылау мақсатында мезгіл-мезгіл мәжіліс жасайтын болады.

## 5-бап

1. Біреудің меншігі болып табылмайтын ғылыми және технологиялық ақпарат және бірлескен қызмет барысында алынған, коммерциялық немесе өнеркәсіптік себептермен құпия болып табылмайтын басқа ақпарат, егер өзге уағдаластық болмаса, осы процеске қатысушы мекемелер әдеттегі процедураларды сақтағанда дәстүрлі арналар арқылы ғылыми қоғамдастық үшін ашық болуға тиіс.

2. Осы Келісім бойынша бірлескен қызмет барысында алынған интеллектуалдық меншікке байланысты мәселелер жеке келісімдерде көрсетілуге тиіс.

## 6-бап

Осы Келісім екі Тараптың әрқайсысы жасаған басқа халықаралық шарттар немесе келісімдерден туындайтын кез келген міндеттемелердің заңдылығына немесе атқарылуына әсер етпейді.

## 7-бап

1. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті процедуралардың бәрі орындалғаны туралы бір-біріне мәлімдеген күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім 5 жыл бойында күшінде қалады және Уағдаласушы Тараптар қайсыбірі өзінің осы Келісімді бұзғысы келетін ниеті туралы екіншісіне алдын ала 6 ай

бұрын жазбаша түрде хабарлағанға дейін күшінде қала береді.

3. Осы Келісім өзара келісім бойынша түзетілуі мүмкін. Осы Келісімді кез келген қайта қарау немесе бұзу осы Келісім бойынша осындай қайта қарау немесе бұзу күнінен дейінгі болған құқықтар немесе міндеттемелерге нұқсан келтірілмей а т қ а р ы л а т ы н б о л а д ы .

Жоғарыда айтылғандарды растау үшін өздерінің құрметтеуші

Үкіметтерінен өкілеттік алған, төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

Сеул қаласында 1995 жылы 16 мамырда екі дана болып, әрқайсысы қазақ, корей және ағылшын тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруге қатысты пікір алшақтығы туған жағдайда ағылшын тілі басым болып саналады.

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН

КОРЕЯ  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН